

**Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлеріне арналған «Кәсібінің үздігі» облыстық байқауды ұйымдастыру және өткізу ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже «Кәсібінің үздігі» облыстық байқауын ұйымдастыру және өткізу тәртібі мен шарттарын реттейді (әрі қарай - байқау).

1.2. Облыстық байқау техникалық және кәсіптік, орта білім беретін оқу орындарының өндірістік оқыту шеберлері арасында өткізіледі.

**2. Байқаудың мақсаты:**

2.1. Өндірістік оқыту шеберлерінің мәртебесі мен беделін арттыру, озық педагогикалық іс-тәжірибені тарату.

**3. Байқаудың міндеттері:**

3.1. Өндірістік оқыту шеберлерінің шығармашылық белсенділігі мен кәсіби біліктілігін жүзеге асыру;

3.2. Талантты өндірістік оқыту шеберлерін анықтау, қолдау, мадақтау және озық тәжірибені тарату;

3.3. Өндірістік оқыту шеберлерінің тәжірибе алмасуына ықпал ету;

3.4. Педагогтердің мәртебесін көтеру.

**4. Байқауға қатысушылар**

4.1. Байқауға техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері қатыса алады.

**4.2. Байқаудың мазмұны:**

4.3. Байқау 3 конкурстық сынақтан тұрады.

4.4. **1 кезең «Мен өз ісімнің шеберімін»** (білім алушыларды даярлаудың жеке практикасы мен жетістіктері туралы 3 минуттық бейнежазбасы)

4.5. **2 кезең Шебер-класс** (мамандығына байланысты белгілі тағамды, затты, бұйымды 7 минутта әзірлеп көрсету).

4.6. **3 кезең** онлайн – сабақ (өндірістік оқыту шебері осы уақыт аралығында іс-тәжірибесін теориялық тұрғыда негіздеп, 10 минуттың ішінде көрсетуі тиіс. Онлайн сабақтарды өткізу кезінде өндірістік оқыту шебері оқытудың түрлі құралдарын қолдана алады: (презентациялар, видеосабақтар, интерактивті плакаттар, веб-сайттар және басқалар)

**Бейнесабаққа қойылатын техникалық шарттар:**

- тараптар арақатынасының (16:9) ең төменгі көлемі (720:9);
- формат mp4.
- бейнематериалдың хронометражы 10 минутқа дейін;
- қатысушының аты-жөні көрсетілген негізгі бет;

- бейнежазбаны түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдар, фотосуреттер, бейнефрагменттер, арнайы эффект қолданылуы мүмкін;
- байқауға адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын, тақырыпқа сәйкес келмейтін жарнамалық сипаттағы роликтер қабылданбайды.

*Онлайн-сабақты өткізуге қойылатын талаптар:*

*1 қадам.* Онлайн сабақ жоспарын құру.

*2 қадам.* Онлайн сабақтарды техникалық ұйымдастыру.

*3 қадам.* Бейнематериалды дайындау.

Бейнематериалда келесі құрылымдық компоненттер болуы керек:

1) кіріспе бөлім - сәлемдесу, тақырыпты хабарлау, сабақтың мақсаты мен міндеттері; пән/ модуль ішінде оқытылатын тақырыптың орнын анықтау, сабақ схемасының қысқаша сипаттамасы, білім алушыларға бейнематериалды қарау бойынша ұсыныстар;

2) мазмұндық бөлік - қажетті оқу материалын пайдалана отырып және оқыту әдістерін, құралдары мен технологияларын тандай отырып, сабақ жоспарына сәйкес оқу материалы дәйекті және жүйелі түрде баяндалады;

3) қорытынды бөлім - білім алушыларға бейнесабақты көргеннен кейінгі қорытындылар, ұсынымдар, тақырыпты қосымша зерделеу үшін ұсынылатын әдебиет және Интернет көздері, қорытындылау.

Бейнематериалдың ұзақтығы он минуттан аспауы тиіс.

Бейнематериал суреттерді, бейнефрагменттерді және басқаларды көрсетумен сүйемелденеді.

*4 қадам.* Онлайн сабақ өткізу.

Онлайн сабақтың негізгі мазмұны: кіріспе (*сәлемдесу, желі сапасын және қосылған студенттерді тексеру, сабақты өткізу ережелерін жариялау*); оқу материалын таныстыру; сұрақ-жауап.

Оқытушының сыртқы келбеті ресми, ұстамдылық, дәлдікпен ерекшеленетін және жалпы қабылданған әдептілік нормаларына қайшы келмейтін іскерлік стильге сәйкес келуі керек.

Оқытушының сөзі сауатты, түсінікті және білім алушылар үшін қолжетімді болуы тиіс; айтылуы түсінікті және анық болуы тиіс. Өндірістік шебер студенттермен тікелей қарым-қатынас жасау әсерін тудыра отырып, материалды сенімді, еркін және жеткілікті эмоционалды түрде баяндауы тиіс.

**5 қадам.** Зерделенген материалды бекіту.

Барлық материалдар интернет платформасында орналастырылады және әр тақырыпқа тіркеледі, кез-келген уақытта жүктеуге және көруге болады.

## **5. Байқауды өткізу уақыты:**

17-21 мамыр 2021 жыл онлайн форматта.

### **Байқаудың бағалау критерийлері:**

- білімгерлермен жүргізілетін жұмыс бағыты, оның нәтижесі;
- жұмысындағы жаңашыл идеяның білім сапасын көтеруге, түлектерді жұмыспен қамтуға негізделуі;
- кәсіби шеберлігі
- безендіру мен бейнежазба сапасы.

### **Онлайн-сабақтың бағалау критерийлері:**

- тақырыптың оқу жоспарымен сәйкестігі;
- сабақ тақырыбын ашу толықтығы;
- сабақты өткізу сапасы;
- өндірістік оқыту шеберінің оқыту үрдісінде кері байланыс беруі;



- өндірістік оқыту шеберінің бағалау іс-әрекеті
- өндірістік оқыту шеберінің қолданған ресурстардың тиімділігі;
- безендіру мен түсірілімдер сапасы.

## 7. Байқауды ұйымдастыру

7.1. Байқауды облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырып, өткізеді.

7.2. Байқауға ұсынылған жұмыстарды сараптап, бағалау мақсатында эксперттік топ құрылады. (Кәсіпорын мамандары, облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының әдіскерлері, Кәсіподақ ұйымы).

7.3. Ұйымдастыру комитеті облыстық кезең жеңімпаздарын Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының You Tube каналында орналастырады және «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамының сайтына жолдайды.

## 8. Бейнежазбаны ұсыну тәртібі

Байқаудың әр кезеңі берілген уақытқа сәйкес бейнежазба электронды нұсқада (электронды почта [tal.metodtipo@mail.ru](mailto:tal.metodtipo@mail.ru)) оқыту тіліне сәйкес **2021 жылдың 14 мамырына** дейін қабылданады. Көрсетілген мерзімнен кеш қалған жұмыстар қабылданбайды.

## 9. Байқауды қорытындылау

9.1. Жеңімпаздар облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен және қатысушы сертификаттарымен марапатталады.

*I – қосымша*

«Кәсібінің үздігі» облыстық байқауға сұраныс

Қатысушының аты- жөні	
Оқу орны	
Лауазымы	
Бағыты	
Мамандығы, курсы	
Оқыту тілі	
Пәні	
Е-mail поштасы, байланыс телефоны	

Байланыс телефондары: 8 (7282) 400892  
87772261064